



RS Global

INTERNATIONAL

Scientific and Practical
CONFERENCE

.....

International Trends
in Science and Technology

**Proceedings of the
XVII International Scientific and
Practical Conference**

**International Trends in
Science and Technology**

**Vol.2, September 30, 2019,
Warsaw, Poland**

Copies may be made only from legally acquired originals.
A single copy of one article per issue may be downloaded for personal use (non-commercial research or private study). Downloading or printing multiple copies is not permitted. Electronic Storage or Usage Permission of the Publisher is required to store or use electronically any material contained in this work, including any chapter or part of a chapter. Permission of the Publisher is required for all other derivative works, including compilations and translations. Except as outlined above, no part of this work may be reproduced, stored in a retrieval system or transmitted in any form or by any means without prior written permission of the Publisher.

ISBN 978-83-955313-1-6

© RS Global Sp. z O.O.;

© The Authors

**RS Global Sp. z O.O.
Warsaw, Poland
2019**

Founder:
RS Global Sp.z O.O.,

Research and Scientific
Group
Warsaw, Poland

**Publisher Office's
address:**

Dolna 17, lok. A_02
Warsaw, Poland,
00-773

E-mail:
rsglobal.poland@gmail.com

The authors are fully responsible for the facts mentioned in the articles. The opinions of the authors may not always coincide with the editorial boards point of view and impose no obligations on it.

CONTENTS

ECOLOGY

<i>Борисенко О. Н.</i> ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРОИЗВОДСТВА ПЕРИКЛАЗОУГЛЕРОДИСТЫХ МАТЕРИАЛОВ.....	3
<i>Бейсеева Г. Б., Қозыбаева Ф. Е., Тоқтар М., Дүмшебай А. Ә., Жарылқасынова Д. Ж.</i> ТЕХНОГЕНДІК ЛАСТАНҒАН ЛАНДШАФТДАРДАҒЫ АУЫР МЕТАЛДАРДЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІ.....	7
<i>Қозыбаева Ф. Е., Бейсеева Г. Б., Ажикина Н. Ж., Сүлейменова Г. З., Аманова А. Е.</i> ТОПЫРАҚТАРДЫҢ ҚҰНАРЛЫЛЫҒЫН ЖӘНЕ КӨКӨНІС ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУҒА БИОКӨМІРДІҢ ӘСЕРІ.....	14
<i>Қозыбаева Ф. Е., Бейсеева Г. Б., Ажикина Н. Ж., Жақыпбекова Н. А., Зауытбекова Д. Ж.</i> ТОПЫРАҚ ОМЫРТҚАСЫЗДАРЫНЫҢ КҮНГІР ҚАРА ҚОҢЫР ТОПЫРАҚТАРДЫҢ ҚҰНАРЛЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ.....	22

CHEMISTRY

<i>Ковальова С. О., Бойчук Т. М.</i> СИНТЕЗ НЕНАСИЧЕНИХ КАРБОНОВИХ КИСЛОТ З ВИКОРИСТАННЯМ ДІАЛКІЛФОСФОНАТІВ.....	30
--	----

MEDICINE

<i>Marakushyn Dmytro, Chernobay Larysa, Isaieva Inna, Karmazina Iryna, Pandikidis Nadiya, Maslova Natalia, Kirichenko Michle, Sokol Olena, Kovalyov Maxym, Shenger Svitlana</i> COMPREHENSIVE ASSESSMENT OF HEALTH STATUS OF THE HUMAN BODY.....	33
<i>Людмила Литвинець, Владислава Литвинець, Уляна Литвинець-Голутяк</i> ВИЗНАЧЕННЯ БІОЛОГІЧНИХ МАРКЕРІВ ХРОНІЧНОГО ПІСЛОНЕФРИТУ У ВАГІТНИХ.....	38
<i>Незгода І. І., Онофрійчук О. С., Демчишин Я. М.</i> ОСОБЛИВОСТІ МАНІФЕСТАЦІЇ ПРАВЦЯ ТА ЙОГО МЕНЕДЖМЕНТУ У ДІТЕЙ НА СУЧАСНОМУ ЕТАПІ: КЛІНІЧНИЙ ВИПАДОК.....	41

ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРОИЗВОДСТВА ПЕРИКЛАЗОУГЛЕРОДИСТЫХ МАТЕРИАЛОВ

К.т.н. **Борисенко О. Н.**

Украина, Харьков, Харьковский национальный экономический университет имени Семена Кузнеця

Abstract. Among the carbon-containing refractories, the leading role in modern metallurgy belongs to periclase-carbonaceous, which have unique mechanical, thermal and chemical properties and are used for lining converters, electric furnaces, steel casting ladles. For the production of periclase-carbon refractories, densely sintered and fused periclase powders, coarse-grained graphite, as well as special additives that form the structure of products are used. A binder in the production and service of refractory products plays an extremely important role. The basic requirements for a binder of periclase-carbon refractories are as follows: environmental safety; high carbon content in the bunch and a large coke residue; storage stability; good rheological characteristics and adhesion to particles of mineral fillers; availability and low price. Today, phenol-formaldehyde resins are used as a carbon binder for the production of periclase-carbon refractories. Phenol-formaldehyde resins have a high degree of polymerization, form a three-dimensional structure of the carbon skeleton, thereby ensuring high heat resistance and a large yield of coke residue. To improve the physic-mechanical properties of periclase-carbon materials, as well as to reduce the emission of harmful substances during their operation, the author proposed the modification of phenol-formaldehyde resin with an organoelement compound and a sol based on it. The paper studies the interaction of phenol-formaldehyde resin with modifiers - an organoelement compound and a sol based on it using differential thermal analysis. The resulting bonds, during the carbonization of the modified phenol-formaldehyde resin, between the modifier and the carbonization product of the resin impede the access of oxygen to the structure and reduce the release of CO, CO₂ and phenol during heat treatment and operation of periclase-carbon refractories in the external environment, which leads to an improvement in the environmental situation during production and operation of these materials. Thus, the modification of the phenol-formaldehyde resin with an organoelement compound and a sol based on it leads to an increase in the yield of coke residue, a slowdown in its oxidation during heat treatment to 1000 °C, and also to a decrease in the yield of harmful compounds.

Keywords: periclase-carbon materials, phenolformaldehyde resin, modifier, organoelement compound.

Введение. Внедрение новых технологических процессов в металлургии существенно повлияло на состояние огнеупорной промышленности. Интенсификация технологических операций при производстве и переработке стали ужесточает условия службы огнеупорных футеровок в металлургических агрегатах: конвертеров, сталеразливочных ковшей, электропечей, установках печь-ковш. Проблемы повышения качества металла, улучшения технико-экономических показателей в металлургической промышленности тесно связаны с уровнем производства и качества огнеупорных материалов [1, 2].

Перспективными в ближайшем будущем остаются углеродсодержащие огнеупоры, применение которых позволило многократно увеличить стойкость футеровок металлургических агрегатов. Среди углеродсодержащих огнеупоров главенствующая роль в современной металлургии принадлежит периклазоуглеродистым, которые обладают уникальными механическими, термическими и химическими свойствами и применяются для футеровки конвертеров, электропечей, сталеразливочных ковшей и др.

Для производства периклазоуглеродистых огнеупоров используют плотноспеченные и плавленые периклазовые порошки, крупнокристаллический графит, а также специальные добавки, формирующие структуру изделий (связки, антиокислительные добавки и др.).

Периклаз – один из наиболее востребованных огнеупорных сырьевых материалов. Качество периклазовых порошков улучшается с увеличением содержания в них MgO, размера кристаллов периклаза и кажущейся плотности зерен с соответствующим уменьшением их пористости.

Одним из основных компонентов периклазоуглеродистых огнеупоров является также графит, свойства которого обеспечивают высокую теплопроводность и шлакоустойчивость этих материалов. Функция углерода заключается в повышении термостойкости огнеупоров за

счет высокой теплопроводности и низкого температурного коэффициента линейного расширения графита, в предотвращении проникновения шлака в огнеупоры из-за низкой смачиваемости углерода шлаком, повышения вязкости и температуры плавления шлака при восстановлении оксидов железа в шлаке. Одним из недостатков графитсодержащих изделий является способность графита легко окисляться, начиная с 600 °С. Для защиты графита от окисления в состав огнеупора вводят порошкообразные антиоксиданты.

Одним из направлений улучшения служебных характеристик периклазоуглеродистых огнеупоров является оптимизация составов и использование новых связок.

Связующее в производстве и службе огнеупорных изделий играет чрезвычайно важную роль. В процессе термообработки и воздействия агрессивных сред связующее подвергается существенным физико-химическим изменениям, влияющим на качество огнеупорных изделий. Углеродистое связующее в отличие от временной технологической связки, остается в материале в закоксованном виде [3].

Основные требования, предъявляемые к связующему периклазоуглеродистых огнеупоров, следующие: экологическая безопасность; высокое содержание углерода в связке и большой коксовый остаток (не менее 40%); стабильность при хранении; хорошие реологические характеристики и адгезия к частицам минеральных наполнителей; доступность и невысокая цена.

Для термообработанных и обожженных периклазоуглеродистых огнеупоров применяют органические связующие, в основном термореактивные смолы (карбидные, фенольные и резорциновые) с наиболее высоким коксовым остатком, количество которого после обжига частично сохраняется, что способствует повышению шлакоустойчивости и термостойкости изделий.

Принцип действия связующего на основе органических смол заключается в том, что в процессе термообработки происходят деструкция смолы и образование углеродсодержащего каркаса, пронизывающего изделие, образовавшийся активный углерод каркаса принимает участие в процессах фазообразования вторичных соединений (карбидов, оксикарбидов), протекающих при обжиге в неокислительной среде при эксплуатации [4].

Все связующие имеют свои преимущества и недостатки.

В течение многих десятилетий самым распространенным материалом, который применялся в качестве связующего вещества, был каменноугольный пек, который представляет собой смесь полициклических ароматических углеводородов. Превосходные характеристики пекосвязанных изделий обусловлены анизотропной графитизированной коксовой структурой пека, образующейся после коксования. Но каменноугольный пек вреден для окружающей среды в связи с присутствием в нем токсических полиароматических гидрокарбонатов типа бензопирена (содержание в пеке – 10000-15000 мг/кг).

В последние годы в состав высокопрочных периклазоуглеродистых изделий начали вводить связующие и добавки, улучшающие термомеханические свойства изделий с учетом экологических и экономических аспектов.

В качестве альтернативы пекам, как связующее вещество, используют термореактивные синтетические смолы, главным образом фенолформальдегидные полимеры (типа резола или наволока). Основным преимуществом смолосвязанных изделий является возможность применения процесса холодного смешивания, а также хорошая смачиваемость компонентов шихты, в том числе композиций с большим количеством графита, и быстрая стабилизация прочности изделий с достижением ее постоянного уровня уже при 180-220 °С. В фенольных смолах нет полициклических ароматических углеводородов, таких как бензопорен, но они содержат фенол, формальдегид и аммиак, которые оказывают менее отрицательное воздействие на окружающую среду и являются наиболее часто используемыми для производства периклазоуглеродистых изделий.

Сегодня в качестве углеродистого связующего для производства периклазоуглеродистых огнеупоров используют фенолформальдегидные смолы. Фенолформальдегидные смолы имеют высокую степень полимеризации, образуют трехмерную структуру углеродистого каркаса, обеспечивая тем самым высокую термостойкость и большой выход коксового остатка. Фенолформальдегидные смолы обеспечивают огнеупорным изделиям в процессе коксования высокую прочность благодаря их сетчатой структуре. Не обладая особенными преимуществами перед связующими других классов, фенолформальдегидные смолы находят широкое применение благодаря относительной дешевизне исходных мономеров и ценному комплексу эксплуатационных свойств композиций на их основе.

Фенолформальдегидные смолы $[-C_6H_3(OH)-CH_2-]_n$ – продукты поликонденсации фенола C_6H_5OH с формальдегидом $CH_2=O$. Принципиально различают две группы смол, основанных на

различном соотношении фенола и формальдегида, применяемом при их производстве, а именно новолачные смолы и резольные смолы.

Для исключения выделения фенола из фенолформальдегидных связок используют различные методы: изменяют их состав, уменьшая содержание фенола, применяют новые технологии их производства, получают новые соединения – фенольный резол и другие, производя в итоге экологически более безопасные связки [5].

Для улучшения физико-механических свойств периклазоуглеродистых материалов, а также снижения выброса вредных веществ при их эксплуатации автором предложено модифицирование фенолформальдегидной смолы элементоорганическим соединением и золом на его основе.

В работе изучено взаимодействие фенолформальдегидной смолы с модификаторами – элементоорганическим соединением и золом на его основе с помощью дифференциально-термического анализа.

Результаты исследований. Для анализа были подготовлены пробы: 1 – фенолформальдегидная смола № 1 с корундом, 2 – фенолформальдегидная смола № 2 с корундом, 3 – фенол-формальдегидная смола № 2 модифицированная элементоорганическим соединением с корундом, 4 – фенолформальдегидная смола № 2 модифицированная золом на основе элементоорганического соединения с корундом (корунд использовали как инертный наполнитель, так как он в результате нагрева до 1000 °С не претерпевает никаких превращений).

На основании дифференциально-термического анализа кривых (рис.1) чистых фенолформальдегидных смол установлено, что смола марки №1 и №2 имеют одинаковый характер поведения при нагревании, т.е. можно утверждать, что они близки по химическому составу.




Рис. 1. Дифференциально-термические кривые чистых и модифицированных смол:
1 – смола № 1, 2 – смола № 2, 3 – смола №2 модифицированная элементоорганическим соединением,
4 – смола № 2 модифицированная золом на основе элементоорганического соединения

На дифференциально-термических кривых можно выделить два экзотермических пика при температуре 250 °С для обеих смол (кривая 1 и 2) и при температуре 560 и 540 °С соответственно для смол № 1 и № 2. Незначительный экзотермический пик при 250 °С может быть интерпретирован как результат перестройки структуры фенолформальдегидных смол без деструкции (масса остается стабильной). Термодеструкция и последующее окисление фенолформальдегидной смолы происходит в интервале 400-1000 °С и характеризуется экзотермическими пиками при 560 °С для смолы № 1 и 540 °С для смолы № 2.

Для фенолформальдегидной смолы № 1 потери массы (рис. 2) при термообработке до 1000 °С меньше, чем для фенолформальдегидной смолы № 2, т.е. при термодеструкции смолы выделяется меньше газообразных веществ.

При введении модификаторов потери массы при термообработке до 1000 °С уменьшаются еще значительно: для фенолформальдегидной смолы № 2 потеря массы (рис. 2) составляет приблизительно 1,8 %, при модифицировании элементоорганическим соединением смолы – 0,6 % и при модифицировании смолы золев на основе элементоорганического соединения – 0,2 %, что свидетельствует о повышении содержания углерода в модифицированных смолах.

Термодеструкция модифицированных фенолформальдегидных смол прекращается при температурах 500-600 °С, что сопровождается стабилизацией потери массы, в то время как для чистых смол термодеструкция продолжается при температурах выше 700 °С.




Рис. 2. Зависимость потери массы от температуры для чистых и модифицированных фенолформальдегидных смол (наполнитель корунд):

1 – смола № 1, 2 – смола №2, 3 – смола №2 модифицированная элементоорганическим соединением, 4 – смола №2 модифицированная золев на основе элементоорганического соединения

Выводы. Образующиеся связи, в процессе карбонизации модифицированной фенолформальдегидной смолы, между модификатором и продуктом карбонизации смолы затрудняют доступ кислорода в структуру и способствует уменьшению выхода CO, CO₂ и фенола в процессе термообработки и эксплуатации периклазоуглеродистых огнеупоров во внешнюю среду, что приводит к улучшению экологической обстановки при производстве и эксплуатации данных материалов.

Таким образом, модифицирование фенолформальдегидной смолы элементоорганическим соединением и золев на его основе приводит к увеличению выхода коксового остатка, замедлению его окисления в процессе термообработки до 1000°С, а также к снижению выхода вредных соединений.

ЛИТЕРАТУРА

1. Kascheev, I.D. (2000). *Oksidnouglerodistye ogneupory [Oxide-carbon refractories]*. Moskva: Intermet Inzhiniring [in Russian].
2. Datukashvili D.O., Mozhzherin A.V., Duka A.P. (2008). Opyt ekspluatatsii rabochey futerovki 350-t konvertora v KC-2 OAO «Novolipeckiy metallurgicheskiy kombinat» [Operating experience of the working lining of a 350-ton converter in KT_s-2 of OJSC «Novolipetsk Metallurgical Plant»]. *Novye ogneupory. - New Refractories*, 11, 7-9 [in Russian].
3. Spirin Yu.A., Semenenko O.M., Omel'chenko V.V. (2001). Novye issledovaniya v tehnologii periklazouglerodistyh ogneuporov [New research in the technology of periclase-carbon refractories]. *Vestnik Nacional'nogo tehnikeskogo universiteta «Har'kovskiy politehnicheskii institut»*. - *Bulletin of the National Technical University «KhPI»*, 20, 65-70 [in Russian].
4. Krotikov V.A., Buslaev G.S., Zhukovskaya A.E. (2006). Issledovanie vliyaniya fosfatokremniyorganicheskikh svyazuyuschih na fiziko-tehnicheskie svoystva korundouglerodistyh ogneuporov [Study of the effect of organosilicon binders on the physicochemical properties of corundum-carbon refractories]. *Novye ogneupory. - New Refractories*, 2, 35-39 [in Russian].
5. Horoshavin L.B., Perepelicin V.A., Kononov V.A. (2001). *Magnezial'nye ogneupory [Magnesia refractories]*. Moskva: Intermet Inzhiniring [in Russian].

ТЕХНОГЕНДІК ЛАСТАНҒАН ЛАНДШАФТАРДАҒЫ АУЫР МЕТАЛДАРДЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІ

а.и.э.д. Бейсеева Г. Б.,²

б.э.д. профессор Қозыбаева Ф. Е.¹,

PhD доктор Тоқтар М.²,

биолог Дүмиебай А. Ә.³,

жас зерттеуші Жарылқасынова Д. Ж.³

¹Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Ө.О. Осанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми зерттеу институты,

²М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университеті

³Қазақстан Республикасы, Алматы қ., №152 мектеп-гимназия

Abstract. The influence of the mining and processing industries on the environment is determined. The main mechanisms and sources of technogenic pollution of the environment and their influence on biological objects (soil, plants) are revealed. Priority heavy metals have been identified in soils of technogenically contaminated landscapes, which are dangerous to environmental components. The study identified priority heavy metals, their sources of entry into the soil-plant-water system. The main pollutants are lead, zinc and copper. Sources of pollution of natural ecosystems in Ridder are: lead plant (Pb, Zn); zinc plant (Zn, Pb, Cu); tailing dump (Pb, Zn, Cu).

Keywords: lead plant, zinc plant, tailing dump, technogenic pollution, soil-plant-water system.


Кіріспе. Соңғы жылдары Қазақстанның негізгі экономикалық көрсеткіштерінің тұрақты өсуі өндіруші және қайта өңдеуші салаларының дамуымен қамтамасыз етіледі. Минералды ресурстарды барлау, өндіру, қайта өңдеу және тасымалдаумен байланысты іскерлік белсенділіктің әрі қарай артуы, топырақ жамылғысына, атмосфералық ауаға, жер бетіндегі, жер асты суларына, өсімдіктерге, жануарларға, адам денсаулығына жағымсыз әсер етудің қарқынды дамуына әкеледі [1].

Қазіргі заманғы биогеохимия ғылымы биосферадағы химиялық элементтердің миграциясы мен таралуына адамзаттың әрекетінің зор екендігі туралы мәселені көтеруде. Шығыс Қазақстан облысындағы табиғи ресурстарға жағымсыз әсер етудің негізгі көзі тау-кен өндіру өнеркәсібі болып табылады. Бұл өңірдің кәсіпорындарындағы шығарылатын өнімдердің құрамында ластаушы элементтер молынан кездеседі. Олардың ішінде ең бастыларының қатарына мыс, мырыш, кадмий мен қорғасын жатады. Мысалы, Өскемен металлургиялық кешенінің өндірістік шаңында мырыштың жалпы концентрациясы 58330, мыстың - 15600, кадмийдің – 47000, қорғасынның – 20450 мг/кг құрайды [2].

Топырақтың деградацияға ұшырауы және ластануы – тау-кен өндіру жұмыстарының, ауылшаруашылығы өнеркәсібінің, табиғи құбылыстардың (қар көшкіні, сел, тасқын, орман өрттері, жүйесіз орман массивтерін кесу, өндірістегі апаттық жағдайлар, бұрынғы әскери полигондардың қалдықтармен, тастап кеткен оқ-дәрілерімен ластану) салдарынан болады. Техногендік әрекет ету бүкіл ғаламшар ауқымында химиялық элементтердің қайта таралуына әкеледі. Соның салдарынан ірі өнеркәсіп орталықтарында көптеген ауыр металдардың жинақталуы жүреді.

Биологиялық зат айналымына, топырақ-өсімдік, топырақ-өсімдік-жануар-адам жүйесіне түсе отырып, ауыр металдар ауылшаруашылығы өсімдіктерінің сапасына әсер етеді, оның өзі тікелей адамдардың денсаулығына әсер етеді. Өнеркәсіптік аудандарда құрамында әр түрлі ауыр металдардың оксидтері бар, атмосфералық шығарылымдар ондаған немесе жүздеген шақырымдармен өлшенетін алыс қашықтықтарға таралады. Сондықтан, олардың әсерінен туындаған ластану аймақтық, тіптен кейде жахандық сипатқа ие болады. Бұған қарама-қарсы әр түрлі өндірістердің ірі тонналық қалдықтары, үйінділер, жылу электр стансаларының күл үйінділері, түсті металл рудаларын өндірген кезде түзілген үйінділер, негізінен жергілікті әсер етеді. Мұндай үйінділер ауылшаруашылығына пайдаланылатын жерлерді істен шығара отырып, көптеген аудандарды алып жатады, ал олардың көпшілігі қоршаған ортаға қауіп төндіреді. Көмір өндірілетін шахталардың үйінділерінде көмір мөлшері көп болғандықтан, ол атмосфераны ластай отырып жанады. Көптеген тау жыныстарының үйінділерінің құрамында пирит FeS₂ бар, ол ауада өздігінен күкірт қышқылына H₂SO₄ дейін тотығады; жаңбыр жауған немесе қар еріген кездерде тек күшті қышқылданған аумақтарды түзіп қана қоймайды, тау-кен қазбалау аймақтарында күкірт қышқылды көлшіктер түзеді. Сульфидтердің осы аймақтардағы

өзгеруінің жалпы сызбанұсқасын кең таралған рудалық минерал пиритті (FeS_2) мысалға ала отырып көрсетуге болады:



Темір сульфаты (FeSO_4) – тұрақсыз қосылыс, ал түзілген H_2SO_4 жер асты суларының қышқылдық қасиеттерін күшейтеді де тотығу үрдістерін жылдамдатады. Сульфидтер тотыққан кезде элементтердің, соның ішінде уытты элементтердің босап шығуы, олардың жер асты суларына миграциясы компоненттердің кең таралуына және қоршаған ортаның әр түрлі нысандарына жинақталуына әкеліп соғады [4, 5, 6, 7, 8, 9].

Шығыс Қазақстан аумағының геологиялық-геохимиялық, металлогендік және геофизикалық көрсеткіштерін талдасақ, зерттелетін нысан Үлкен Алтайдың құрамды бөлігі ретінде аномальдығы жоғары болып келеді. Топыраққа түсетін ауыр металдардың негізгі табиғи көзі рудалық кен орындары, олардан таралатын минерализация аймақтары геохимиялық тау жыныстары мен геохимиялық барьерлерік кеңістіктердегі генетикалық байланысқан түсті, сирек және асыл металдардың екінші литохимиялы аномалиялары болып табылады. Аталған нысандар ауыр металдардың топыраққа ғана емес, жер астындағы, жер бетіндегі суларға және биотаға түсу көздері болып саналады.

Тау-кен өнеркәсібі мен түсті металлургия кәсіпорындарының ластанушы өнімдері, олардың маңында орналасқан ауыл шаруашылығы мақсатына пайдаланылатын топырақтар және тұрғындарға экологиялық қауіп тудыратындығы даусыз ақиқаттық шындық екені белгілі. Бірақ ауыл шаруашылық дақылдарын өсіру үшін пайдаланылатын топырақтардың ауыр металдармен ластануына мониторинг іс жүзінде жүргізілмейді. Сондықтан, тау-кен өнімдерін өндіруші өнеркәсіптердің бүлдірген жерлерін биологиялық рекультивациялау қажеттілігі туындайды. Оларды іске асыру үшін ауыл шаруашылық мақсатына пайдаланылатын жерлердегі ландшафттық-экологиялық жағдайларын түзеп, антропогендік факторлардың әсерлерін реттеу керек. Себебі шикізатты өндіру және қайта өңдеу үрдістері ландшафт түзетін кешеннің барлығын (атмосфералық ауа, жер бетіндегі, жер асты ыза сулары, топырақ пен өсімдік жамылғыларының) қарқынды ластануына әкеледі [10].

Топырақтардағы ауыр металдардың аумақтық, кескіндік орналасу заңдылықтарының сипаттамасын беру, олардың миграциясы мен аккумуляцияларының ерекшеліктерін анықтау және ландшафттардың ластануға тұрақтылығын зерттеу геохимиялық құрылымын бағалауға негіз болып табылады. Бұған қосымша, бұл зерттеулер топырақтардың химиялық құрамын, сол аумақтың литологиялы-құрылыстық сипатын, техногендік, биологиялық зат айналымының ерекшеліктерін айқындайды. Осының бәрі ластану үрдісінің индикаторы ретінде топырақтың құрамы мен қасиеттерін зерттеудегі үлкен ғылыми және практикалық өзектілігін көрсетеді.

Топырақтың және судың ауыр металдармен ластану дәрежелері туралы ақпаратты қадағалауды жүйелендіру, техногендік жағдайдағы өсімдікке, топырақ биотасына әсер етулері ластанған ландшафттарды зерттеудің өзекті экологиялық мақсаты болып табылады.

Жұмыстың мақсаты: Топырақ-өсімдік-су жүйесіне тау-кен өндіруші өнеркәсіптерінің әсерін анықтау.

Зерттеу нысаны. Риддер мырыш, қорғасын зауыттарының, қалдықсақтағыштың шығарылымдары әсер еткен аумақтар.

Зерттеу әдістері. Далалық зерттеу және зертханалық-талдау. Топырақтағы және өсімдіктердегі ауыр металдар атомдық-абсорбциялық әдіспен жүргізілді.

Атомдық-абсорбциялық талдау – бұл сіңірудің атомдық спектрі бойынша сандық элементтік талдау әдісі. Атомдық-абсорбциялық әдісінің негізі химиялық элемент атомымен жарықты селективті сіңіру құбылысы жатады. Әдіс талданатын заттар мен стандартты ерітінділердің және жарықты сіңіруді өлшеудің фотоэлектрлік әдістерінің атомизаторлары ретінде әр түрлі тектегі жалынды қолданумен байланысты. Атомдық-абсорбциялық әдістің негізгі сипаттамасы сезімталдығы, дәлдігі, жаңғыртқыштығы, дұрыстығы, әмбебаптығы және өнімділігі болып табылады. Топырақ үлгілеріндегі ауыр металдардың мөлшерін жедел анықтау үшін атомдық-абсорбциялық анализатор қолданылды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Түрлі-түсті металлургияның кәсіпорындарының шығарылымдарының ерекшелігі олардың құрамында бір мезгілде өте көп мөлшерде ауыр металдардың болуы болып табылады. Топырақ, буферлік қабілетке ие бола отырып, өз қасиеттерінің өзгеруіне кедергі келтіреді, соның ішінде ауыр металдардың жылжымалылығы мен қышқылдыққа кедергі келтіреді. Алайда техногендік жүктеменің артуы жағдайында бұл қабілеттілік шексіз емес. Риддер қаласының мырыш, қорғасын зауыттары және

қалдықсақтағыш қасынан қазылған қазба шұңқырларынан алынған топырақ үлгілерінде топырақ кескіні бойынша төменгі қабаттарда ауыр металдардың мөлшерінің төмендеуі байқалады. Статистикалық деректер бойынша мырыш бойынша вариациялық коэффициент (V,%) 4,3-44,3, мыс бойынша 13,3-53,5, қорғасын бойынша 38,9-55,5 % құрайды.



Риддер қаласының маңындағы қалдықсақтағыш

Қалдықсақтағыш маңынан алынған топырақтардағы жылжымалы мырыштың мөлшері 143,2 мг/кг. Бұл топырақтағы элементтің кларкынан (50 мг/кг) 2,9 есе жоғары, литосфераның кларкынан (85 мг/кг) 1,68 есе көп, Клоке (300 мг/кг) ШЖК-дан 2,09 есе аз, Қазақстанда белгіленген ШЖК-дан (23 мг/кг) 6,2 есе көп [397]. Жылжымалы мыстың мөлшері 77,5 мг/кг. Бұл топырақтағы элементтің кларкынан (20 мг/кг [49]) 3,9 есе көп, литосфераның кларкынан (47 мг/кг) 1,6 есе көп, Клоке (100 мг/кг) ШЖК-дан 1,3 есе аз, Қазақстанда белгіленген ШЖК-дан (33 мг/кг) 2,5 есе көп. Жылжымалы қорғасынның мөлшері 310,4 мг/кг құрады. Бұл топырақтағы элементтің кларкынан (10 мг/кг) 31,04 есе жоғары, литосфераның кларкынан (16 мг/кг) 19,4 есе көп, Виноградовтың (32 мг/кг) ШЖК бойынша 9,7 есе көп, Қазақстанда белгіленген ШЖК-дан (32 мг/кг) 9,7 есе көп.



Риддер қорғасын зауыты

Қорғасын зауытының маңынан алынған топырақтардағы жылжымалы мырыштың мөлшері 144,7 мг/кг. Бұл топырақтағы элементтің кларкынан (50 мг/кг) 2,9 есе жоғары, литосфераның кларкынан (85 мг/кг) 1,7 есе көп, Клоке (300 мг/кг) ШЖК-дан 2,07 есе аз, Қазақстанда белгіленген ШЖК-дан (23 мг/кг) 6,3 есе көп. Жылжымалы мыстың мөлшері 47,9 мг-кг. Бұл топырақтағы элементтің кларкынан (20 мг/кг [49]) 2,4 есе көп, литосфераның кларкынан (47 мг/кг) 1,0 есе көп, Клоке (100 мг/кг) ШЖК-дан 2,09 есе аз, Қазақстанда белгіленген ШЖК-дан (33 мг/кг) 1,45 есе көп. Жылжымалы қорғасынның мөлшері 294,0 мг/кг құрады. Бұл топырақтағы элементтің кларкынан (10 мг/кг) 29,1 есе жоғары, литосфераның кларкынан (16 мг/кг) 18,4 есе көп, Виноградовтың (32 мг/кг) ШЖК бойынша 9,2 есе көп, Қазақстанда белгіленген ШЖК-дан (32 мг/кг) 9,2 есе көп.



Риддер мырыш зауыты маңындағы өсімдігінен айрылып, тропиқа ұшыраған жерлер

Мырыш зауытының уытты шығарылымдарының әсерінен сол маңдағы аумақтарда "ай ландшафты" сияқты өсімдіктері жойылып кеткен бос жерлер пайда болады. Бұл жерлерде ұзақ уақыт бойы өсімдіктер өспейді.

Мырыш зауытынан 250 м қашықтықтан алынған топырақ үлгілерінде жылжымалы мырыштың мөлшері 140,5 мг/кг. Бұл топырақтағы элементтің кларкынан (50 мг/кг) 2,8 есе жоғары, литосфераның кларкынан (85 мг/кг) 1,65 есе көп, Клоке (300 мг/кг) ШЖК-дан 2,14 есе аз, Қазақстанда белгіленген ШЖК-дан (23 мг/кг) 6,1 есе көп.

Жылжымалы мыстың мөлшері 74,18 мг-кг. Бұл топырақтағы элементтің кларкынан (20 мг/кг) 3,71 есе көп, литосфераның кларкынан (47 мг/кг) 1,58 есе көп, Клоке (100 мг/кг) ШЖК-дан 1,35 есе аз, Қазақстанда белгіленген ШЖК-дан (33 мг/кг) 2,25 есе көп.

Жылжымалы қорғасынның мөлшері 448,26 мг/кг құрады. Бұл топырақтағы элементтің кларкынан (10 мг/кг) 44,8 есе жоғары, литосфераның кларкынан (16 мг/кг) 28,0 есе көп, Виноградовтың (32 мг/кг) ШЖК бойынша 14,0 есе көп, Қазақстанда белгіленген ШЖК-дан (32 мг/кг) 14,0 есе көп.

Табиғи, антропогендік ландшафтардың ажыратылмас бөлігі және биогеохимиялық зат айналымының маңызды буыны өсімдіктер болып табылады. Ғылыми әдебиеттерге талдау жасаудың көрсетуі бойынша өсімдіктің химиялық құрамы жеткілікті түрде зерттелген. Өсімдік барлық белгілі химиялық элементтердің бәрін көп немесе аз мөлшерде сіңіре алатын қабілеті анықталған [11]. Кейбір авторлар олардың бәрі өсімдіктің тіршілік үрдістеріне қатысады деп санайды [12]. Басқалары өсімдіктің қалыпты тіршілік әрекеті үшін қызметі ауыстыруға болмайтын белгілі бір элементтер тобы ғана қажет деп көрсетеді [13]. Көптеген ғалымдардың зерттеулерінің көрсетуі бойынша өсімдіктің химиялық құрамы мен ортаның элементтік құрамы арасында байланыс бар екенін көрсетті [14], алайда қажетті мөлшерде элементтерді жинақтауға өсімдіктің тандап сіңіру қабілеттілігінен өсімдіктегі ауыр металдардың мөлшерінің топырақтағы ауыр металдардың мөлшеріне тікелей тәуелділігі бұзылады [15]. Топырақ ерітіндісіндегі ауыр металдардың жылжымалы формаларының мөлшеріне өсімдіктегі ауыр металдардың мөлшерінің корреляциялық тәуелділігі жиі байқалады [16]. Өсімдіктің элементтік құрамының қалыптасуына екі фактор – генетикалық, экологиялық факторлар әсер етеді. Олардың үлестік қатынасы ортаның жағдайының өзгеруіне қарай өзгереді. Экологиялық фактор ауыр металдармен, әсіресе олардың жылжымалы формаларымен ортаның техногендік ластануы кезінде жетекші фактор болып табылады [15].

Өсімдіктің топырақтағы ауыр металдардың төменгі концентрациясына қарағанда жоғарғы концентрациясына төзімдірек болатыны анықталды [13], алайда ауыр металдардың белгілі бір шамаға дейін артуы өсімдік жағдайына кері әсер етеді, себебі ауыр металдар химиялық элементтердің ішінде уытты болып табылады [16]. Ауыр металдардың артық мөлшерінің өсімдікке әсері тікелей де жанама да болуы мүмкін. Жанама әсері ауыр металдардың топырақтың құрамы мен қасиеттеріне және оның құнарлылығына жағымсыз әсер етумен байқалады [17]. Топырақтағы ауыр металдардың әр түрлі топтарының ара қатынасы, олардың уыттылық деңгейін анықтайды. Ауыр металдардың тікелей әсер, олардың өсімдікте тікелей жинақталуымен байланысты [18]. Өсімдіктің химиялық құрамы топырақтың элементтік құрамын көрсетеді. Сондықтан өсімдіктің ауыр металдарды артық мөлшерде жинақтауы, оның топырақта концентрациясының жоғары болуымен байланысты. Өзінің тіршілік әрекетінде өсімдік мөлшері топырақтың буферлігімен тығыз байланысты ауыр металдардың өсімдік сіңіре алатын формаларымен ғана байланыс жасайды. Алайда топырақтың ауыр металдарды байланыстыруға және белсенділігін азайтуға қабілетінің шегі бар, топырақ өзіне түскен металдар ағынына шамасы жетпей бара жатқанда, өсімдіктердің өзінде олардың түсуіне кедергі келтіретін физиологиялық-биохимиялық механизмдердің болуы маңызды мәнге ие бола бастайды.

Өсімдіктің ауыр металдардың артық мөлшеріне төзімділік механизмі әр түрлі бағыттар бойынша көрінуі мүмкін: бір түрлер ауыр металдарды көп мөлшерде жинақтауға қабілетті, бірақ оларға төзімділік көрсетеді; басқалары өздерінің буферлік қызметтерін барынша пайдалану жолымен олардың түсуін төмендетуге ұмтылады. Көпшілік өсімдіктер үшін алғашқы барьерлік деңгей тамыр, мұнда ауыр металдардың көп мөлшері жинақталады, келесі – сабақтар мен жапырақтар, ақырында, соңғысы – тұқымы мен жемістері, сондай-ақ тамыржемістері және басқалары болып табылады [19-26].

Өсімдік өсуіне қарай элементтер, олардың мүшелері бойынша таралады. Бұл жағдайда мыс пен мырыш үшін олардың мөлшері бойынша мынадай заңдылық байқалады: *тамыр* > *дән* > *сабан*. Қорғасын, кадмий, стронций үшін ол мынадай болады: *тамыр* > *сабан* > *дән* [23]. Ж.У. Аханов және А. Отаровтың деректері бойынша күріш-жоңышқа ауыспалы егістігінде

дақылдарға ауыр металдардың түсу қарқындылығы бойынша мына қатарға орналастыруға болады: $Zn > Cu > Co$. Өсімдіктің пісіп жетілу фазасында күріш пен бидайдың әр түрлі бөлігіндегі ауыр металдардың мөлшері мына қатар бойынша азаяды: мырыш (мг/кг) – тамыр (36,4-47,4) > дәні (14,0-32,6) > сабаны (14,0-7,2); мыс пен кобальт - тамыр > сабан > дәні [27].

Өсімдік – ортаның техногендік өзгерісінің өте сезімтал индикаторлары болып табылады. Қоршаған ортаның ластануын сезіне отырып, өсімдік әр түрлі факторлардың әсерінен экологиялық жағдайдың өзгерісін көрсетеді және сондықтан қоршаған ортаның ластануын бағалаған кезде кең түрде қолданылады. Өсімдік жамылғысы ауадан және ластанған топырақтан түсетін поллютанттардың күшті техногендік қысымында болады. Өсімдік қоршаған ортадан барлық химиялық элементтерді сіңіреді. Олардың бір бөлігі өсімдіктердегі алмасу үрдістеріне қажет болады, Pb, Cd және т.б. сияқты басқа металдар тіптен төмен концентрацияда болса да уытты [25].

Мырыш зауытынан шыққан ауыр металдар шығарылымдары мырыш зауыты маңындағы топырақ және өсімдік жамылғысына кері әсерін тигізеді. Бұл жер күшті ластанған, әсіресе топырақтың беткі қабаты қатты ластанған. Мырышпен ластану ПДК-дан 23 есе асады. Осындай күшті ластану өсімдік жамылғысына да әсер етеді (1 - а, б суреттер).



а



б

1 сурет. Риддер мырыш зауытының маңындағы өсімдіктер

Ағаштардың жапырақтары сарғайып, күйіп кеткен. Тіптен тал өскіндері құрап кеткен. Жапырақтардың жиектері жиырылып, жапырақ тақталары тесіліп, сарғайып кеткен. Ө.О.Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми зерттеу институтының зерттеушілерінің деректері бойынша талдың өсімді мүшелеріндегі ауыр металдардың жинақталуы мен жайғасуы (жапырағы - $Cu > Fe > Pb > Zn$, бұтағы - $Zn > Pb > Cu > Fe$, тамыры - $Fe > Pb > Zn > Cu$) біркелкі, ал қайында ауыр металдардың көп жинақталуы тамырларында байқалады - $Fe > Cu > Zn > Pb$ (жапырағы - $Zn > Pb > Cu > Fe$, бұтақтары - $Pb > Zn > Fe > Cu$). Шөптесін өсімдіктерде ауыр металдар өсімдік түсімі мен тамырларында (0-10см қабатында) көп жинақталған, пішенінде аз жинақталған - $Zn > Cu > Pb > Fe$ (түсімі - $Pb > Zn > Cu > Fe$, тамыры 0-10 см - $Fe > Zn > Pb > Cu$, тамыры 10-20 см - $Fe > Cu > Zn > Pb$).

Ульба өзені Ертіс өзенінің ірі бір тармағы болып табылады. Ол Брекса және Журавлиха өзендерінен басталады. Бірге қосыла отырып, олар Риддер рудниктерінің маңында Тихая өзенін құрайды, ол өз кезегінде Громотуха өзенімен қосылып, Ульба өзенін құрайды. Брекса, Тихая және Ульба өзендерін бірегей су ағысы ретінде қарастыруға болады, себебі олар бір-бірінің жалғасы болып табылады. Өзеннің төменгі ағысы бойынша су сапасының қалай өзгеретінін бақылауға болады. Риддер қаласында Ульба өзенінің суының сапасына Брекса мен Тихая өзендері елеулі түрде әсер етеді. Су сапасы бойынша, бұл өзендер лас және өте лас өзендер ретінде сипатталады. Бұл өзендерді негізгі ластаушылар түсті металдар: мыс, мырыш, марганец, кадмий болып табылады. Риддер мырыш зауыты өздері пайдаланған суларын Тихая өзеніне тастайды. Осы сулардан алынған үлгілер сулардың өте күшті ластанғанын көрсетті (2-4 - суреттер)



2 сурет. Зауыттың пайдаланған суларын Тихая өзеніне тастауы



3 сурет. Ластанған су тасталғаннан кейін өзендегі судың ластануы



4 сурет. Зауыт пайдаланған сулармен ластанған Тихая өзенінде балалар шомылуда

2-4 суреттерде көрініп тұрғандай тазарту құрылғысынан тазартылған су Тихая өзеніне тасталады. Ол толық тазартылмайды, өзен суына түскен кезде су беті май тәрізді жабысқақ болады. Міне, осы суда балалар жазда шомылады, құрылғының қасында шомылуға болмайтыны жайлы жазылған ескертулер жоқ.

Қорытынды. Тау кен өндіру өнеркәсібінің қызметі нәтижесінде бүлінген жерлер пайда болды. Мырыш зауытының шығарылымдары қоршаған ортаға жағымсыз әсер етеді. Топырақ жамылғысы бүлінеді, өсімдік жамылғысы жойылады және соның нәтижесінде эрозияға ұшыраған жерлер, опырылымдар пайда болады.

Риддер қаласының маңындағы мырыш, қорғасын зауыттарының және қалдықсақтағыштың жанынан қазылған қазба-шұңқырлардан алынған топырақ үлгілерінде кескін бойынша төменгі қабаттарында ауыр металдардың мөлшерінің азаюы байқалады. Статистикалық деректер бойынша мырыш бойынша вариациялық коэффициент (V,%) 4,3-44,3, мыс бойынша 13,3-53,4, қорғасын бойынша 12-82,2% құрайды. Қалдықсақтағыш жанынан алынған топырақ үлгілерінде В почвенных образцах, отобранных возле хвостохранилища по свинцу самый высокий вариационный коэффициент (53,5%).

Талдаулардың нәтижелері бойынша топырақтағы ауыр металдардың мөлшері барлық элементтер бойынша шектеулі жол берілген нормадан асып кетеді. Мырыш зауытынан ауыр металдардың шығарылымы жоғары, оның өзі мырыш зауытының айналасындағы топырақ жамылғысына теріс әсер етеді. Топырақтың жоғарғы қабаттары қатты ластанған. Топырақтың мырышпен және қорғасынмен ластануы шектеулі жол берілген шоғырланудан (ПДК) 23 есе асып кетеді. Зерттеулер нәтижесі қалдықсақтағыштар қоршаған ортаны зиянды элементтермен, газдармен және ауыр металдармен ластаушылар болып табылатындығын көрсетті. Атмосфераға, топыраққа немесе су айдындарына түсе отырып, ластаушы заттар табиғи зат айналымына түседі және сілтiсiзденген кезде, өсімдіктер пайдаланған кезде, эрозия және дефляция кезінде өте баяу шығарылады. Мұның өзі сол маңда тұратын тұрғындардың денсаулығына әсер етеді.

Біздің зерттеулеріміздің көрсетуі бойынша мырыш зауытының маңында өсіп тұрған барлық ағаш өсімдіктерінің жапырақ тақталары зақымданған, жапырақтарының шеттері бүктеліп, жапырақ тақталары қышқыл тамызғандай күйіп кеткен, тамырлары қысқа. Көп жерлерде өсімдіктер мүлдем жойылып кеткен. Кей жерлерде талдар мен шөптесін өсімдіктерден сыпыртқы өсімдіктері сақталып қалған. Ағаш массивтері толығымен қурап кеткен жерлер кездеседі. Зауыт ақаба сулары өзенге тасталып, өзен сулары ластанады.

Мырыш және қорғасын зауыттарының шығарылымдары жақын маңдағы аумақтардың топырақ-өсімдік жамылғысына кері әсерін тигізді. Көп жерлер эрозияға ұшыраған. Бұл жерде қазылған қазба-шұңқырлардың топырақ үлгілерінде топырақ микрозоофауна өкілдері табылмады, мұның өзі ортаның қолайсыз жағдайын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Пальгов Н.Н., Ярмухамедов М.Ш., Семенова, М. И., Калесник С.В. Казахстан. - М. - 1970. - 404 с.
2. Агроклиматический справочник по Восточно Казахстанской области. // Л, Гидрометиздат. - 1960. - С. 3-63.
3. Соколов А.А. Общие особенности почвообразования и почв Восточного Казахстана. Алма- Ата: Наука. - 1977. - С. 6-64.
4. Соколов А.А. Роль дождевых червей в образовании почв Северо-Западного Алтая. Автореф. Канд. Дисс. - Алма- Ата. - 1953. - 22 с.
5. Соколов А.А. Значение дождевых червей в почвообразовании. - Алма-Ата: Изд-во АН КазССР. - 1956. - 261 с.

6. Попов В.В, Стучевский Н.И, Демин Ю.И., Полиметаллические месторождения Рудного Алтая. - М.: Изд-во ИГЕМ РАН. - 1995. - 414 с.
7. Промыслова М.Ю. Геодинамические условия образования девонской рудоносной базальтриолетовой формации Лениногорского горнорудного района (Рудный Алтай). Автореферат дисс. кандидата геолого-минералогических наук. - МГК. - 2005. - 25 с.
8. Берхов М.Т., Щеглов Д.И., Краснова А.С. Изменение некоторых физико-химических свойств вскрышных пород КМА при сельскохозяйственной рекультивации. Мелиорация и рекультивация почв Центрального Черноземья. - Воронеж. ВУ. - 1984. - С. 55-59.
9. Махонина Г.И. Первичные стадии почвообразования на промышленных отвалах Урала. В сб.: Освоение нарушенных земель. - М.: Наука. - 1976. - С.44-45.
10. Масюк Н.Т. Образование почв на отвалах марганцевых шахт и пути повышения их плодородия. - Днепропетровск: «Проминь». - 1972. - 128 с.
11. Ковальский В.В. Новые направления и задачи биологической химии сельскохозяйственных животных в связи с изучением биогеохимических провинции. -- М.: МСХ СССР. - 1957. - С.44.
12. Важенин Е.А. Химические и минералогические исследования почв в окрестностях металлургических предприятий // Бюл. Почв. Ин-та В.В. Докучаева. -1983. -Вып. 35. -С. 32-35.
13. Ильин В.Б. Тяжелые металлы в системе почва-растение. - Новосибирск: Наука. - 1991. - 151 с.
14. Абуталыбов М.Т. Значение микроэлементов в растениеводстве. - Баку: Кн. Изд-во. - 1961.- 451 с.
15. Grill E. Schutz der Pflanzen vor Schwermetallen// Jahrb. Akad. Wiss. Cottingen Jahr. 1989.- Gettingen. - 1999. - S. 21-24.
16. Школьника М.Я., Алексеева-Попова Н.В. Растения в экстремальных условиях минерального питания. - Л.:Наука. - 1983. - 321 с.
17. Турков В.Д., Шелепина Г.А. Биологическая оценка мутагенной активности техногенной пыли и почвы по хромосомным нарушениям в клетках растений // Загрязнение среды. - М. - 1980. - С. 43-45.
18. Gekeler W., Grill E., Winnacer E.-L., Zenk M. Surbey of the plant kingdom for the ability to bind heavy metals through phytochelatins // Z. Naturforsch. -1989. -Vol. 44.- H.5-6.- S. 361-369 .
19. Гармаш Г.А. Содержание свинца и кадмия в различных частях картофеля и овощей, выращенных на загрязненной этими металлами почве // Химические элементы в системе почва-растение. – Новосибирск. - 1982. – С.105-110.
20. Ильин В.Б., Степанова М.Д. Тяжелые металлы в окружающей среде.- М.:Изд-во МГУ. - 1979. - С. 324–350.
21. Овчаренко М.М. Тяжелые металлы в системе почва - растение - удобрение. - М.:Общество «Знание». - 1997. - 290 с.
22. Gulzhan Beiseyeva, Jilili Abuduwali. Migration and accumulation of heavy metals in disturbed landscapes in developing ore deposits, East Kazakhstan // Journal of Arid Land. - 2013. - Vol. 5. - Issue (2): - 180-187.
23. Бейсева Г.Б. Техногенді ластанған Риддер кен орнының ландшафтарында өсетін өсімдіктердің құрамындағы ауыр металдар // Вестник КазНУ. серия биологическая. - 2010. №1. - С. 14-18.
24. Бейсева Г.Б. Тау-кен өндіру өнеркәсіптерінің қалдықсақтағыштарының құрамындағы ауыр металдар және оның қоршаған ортаға әсері // «Проблемы биогеохимии и геохимической экологии». - Семей. - 2009.- №7. - С. 88-91.
25. Бейсева. Г.Б. Антропогенездің ластанушы заттарымен техногенді бүлінген ландшафтардағы топырақтың, өсімдіктің және судың ластануы және оның адам денсаулығына әсері.// Журнал Почвоведение и агрохимия. - 2010. - №2. - С. 47-56.
26. Kozybaeva F.E, Beiseeva G.B, Mursalimova E.A., Saparov G.A.; Риддер қорғасын және мырыш зауыттарының қоршаған ортаға бөліп шығарған шығарылымдарының қала тұрғындарының денсаулығына әсері // В жур. Ізденістер, нәтижелер (Исследования, результаты). - 2009. - №2. - С.174.
27. Аханов Ж.У., Отаров А. Содержания в почвах и закономерность поступления тяжелых металлов в культуры рисово-люцернового севооборота // Состояние и рациональное использование почв Республики Казахстан. - Алматы. - 1998. - С. 112-113.

ТОПЫРАҚТАРДЫҢ ҚҰНАРЛЫЛЫҒЫН ЖӘНЕ КӨКӨНІС ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУҒА БИОКӨМІРДІҢ ӘСЕРІ

б.ғ.д. профессор Қозыбаева Ф. Е.¹,
а.ш.ғ.д. Бейсева Г. Б.¹,
ғылыми қызметкер Ажикина Н. Ж.¹,
биолог Сүлейменова Г. З.²,
жас зерттеуші Аманова А. Е.².

¹Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Ө.О. Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми зерттеу институты, beiseeva2009@mail.ru


²Қазақстан Республикасы, Алматы қ., №152 мектеп- гимназия

Abstract. The paper presents the results of a study of the effect of biocoal on the fertility of dark chestnut soils of Zailiysky Alatau and on the yield of vegetable crops. Biocoal obtained by pyrolysis of rice husk to improve the physical properties of water was introduced on dark chestnut soil. Biocoal has a significant effect on moisture retention and improvement of structural aggregates of dark chestnut soils. 40, 60, 80 t/ha of biocoal were applied to the soil surface, then plowed at a depth of 30 cm under carrot crops. Biometric data of vegetable crops (carrots) and phenological observations showed that in all variants of the experiment (control, biocoal) the growth and development of vegetable crops are different. The best option is the option with the introduction of biocoal 60 t/ha.

Keywords: dark chestnut soil, aggregates, humus, meliorant, biocoal, crop, vegetable crops

Кіріспе. Топырақ құнарлылығын арттыру үшін биокөмір маңызды элемент болып табылады. Биокөмір өзіндік қасиеттерінің арқасында гумус және қоректік элементтер жетіспейтін топырақтардың сапасын жақсарту үшін ауыл шаруашылығында қолдануға арналған маңызды мелиорант болып табылады. Күріш қабығының қалдығы топырақ құнарлылығын арттыруға арналған жоғары сапалы органикалық затқа қайта өңделеді. Биокөмір топырақтың қоректік құрамын және ылғалдылығын арттырып, қышқылдылығын реттейді ол өзінің жабысқақтық қасиеті арқылы топырақтың бөлшектерін жел және су эрозияларынан да қорғау қызметін атқарады. Көміртегінің топырақта сақталуын қамтамасыз етіп, микробиологиялық үрдістерге қолайлы жағдай туғызу арқылы топырақтың потенциалдылығын және өнімділікті арттырады. Азот тотықтарының атмосфераға шығарылымын азайтып, топырақты климаттың қолайсыз факторларынан қорғайды [1, 2].

Биокөмір - өсімдіктердің биологиялық өнімдерін оттексіз жағдайда жоғары температурада 300 ден 500 °С аралығында органикалық материалдарды термохимиялық ыдырату арқылы дайындалатын биологиялық өнім (1-сурет). Оның құрамы органикалық заттардан тұрады және көміртегі 70-80 %-ды құрайды [3].



1 сурет. Күріш қауызы, биокөмір және спектралды талдау

Биокөмірде минералдық және қоректік заттардың мол болуымен қатар, топырақта қуысты құрылымдар түзеді. Топырақтың су ұстау қасиетін, алмаспалы катиондардың және сіңіру кешендерін жақсартады. Сондай-ақ, топырақтың құнарлылығына және өнімділікке кері әсер ететін факторлармен қарсы күресуге қабілеті болуымен қатар, қара шірінді мөлшері аз топырақтардың құнарлылығын арттыруға және топыраққа енгізілген тыңайтқыштарды өсімдіктердің біртіндеп сіңіруіне мүмкіндік жасайды [4,5,6,7,8]. Биокөмірдің қоректік құрамы және пайдалы қасиеттері өсімдіктердің биологиялық өнімділігіне және өңдеу технологиясына байланысты [10]. Биокөмір топырақтың мынадай бірнеше қасиеттеріне әсер етеді: (1) көміртегінің топырақта сақталып қалуына әсер етеді. (2) топырақтың құнарлылығын арттырады. (3) ластаушы заттарды өзіне сіңіріп ұстау қабілетіне ие (4) Топырақтағы микробиологиялық әртүрліліктің өзгеруіне, функционалды топтардың ауысуына әсер етеді. (5) топырақтың тығыздылығын азайтады [11, 12]. Биокөмір тұзды жақсы сіңіретіндіктен ауыр тұзданған топырақтарды мелиорациялауға және ауылшаруашылығы өнімдерінің үрдістерден артуына, сондай-ақ, ластанған топырақтарды жақсартады. Биокөмір топырақта мекендейтін микроорганизмдер үшін қолайлы қоректік орта болып табылады. Топырақта тіршілік ететін микроорганизмдер биохимиялық үрдістерге қатысып, өсімдік қалдықтарының ыдырауына, басқада заттардың минерализациялануына мүмкіндік тудырады. Биокөмір өсімдіктерді улы химиялық элементтерден қорғайды. Ғалымдардың зерттеулері бойынша топырақты биокөмірмен немесе органикалық заттармен тыңайтқан жағдайларда өнімділік 800 %-ға дейін артқандығы ғылыми әдебиеттерде кездеседі [13]. Бүгінгі таңда биокөмірді ауылшаруашылығына биотыңайтқыш ретінде енгізу атмосферадағы көміртегіні өзіне сіңіріп, топырақтың физикалық, химиялық, биологиялық, физика-химиялық қасиеттерін жақсартып, тұрақтылығын сақтап қалуымен қатар, топырақтағы парниктік газдардың мөлшерін азайтады [14, 15, 16, 17].

Биокөмірдің кейбір түрлері топырақ құрамын жақсартады және өсімдік біртіндеп пайдалануы үшін тыңайтқыштарды ұстап қалу және оның байланысу қабілетін арттырады. Биокөмір құрамында өсімдікке қажетті микроэлементтер көп және жоғары температурада зарарсыздандыру жүргізілген көң немесе органикалық қалдықтар сияқты табиғи тыңайтқыштарға қарағанда қауіпсіз болып табылады. Микроэлементтерді өсімдіктер баяу пайдаланатындықтан жер асты ыза суларының ластануына әсер етпейді. Биокөмір топырақтың химиялық, биологиялық және физикалық қасиеттерін жақсарту есебінен топырақ құнарлылығын арттыруға қабілетті екенін зерттеулер көрсетті. Биокөмір енгізілген топырақтарда өсімдіктердің өсуі артып және қоректік жағдайы жақсарады, азот тыңайтқыштарының тиімділігі артады. Жоғарда мазмұндандарға қарамастан биокөмірді зерттеу әлі де жалғасуда, және де өте маңызды мәселелерге әлі де жауап жоқ. Сондықтан биокөмірді зерттеу әлі де әлем бойынша жалғастырылуда. Шетелдік авторлардың жұмыстарында биокөмірдің топырақ жағдайын жақсартатын қасиеті кең түрде зерттелген, әсіресе, биокөмір топырақ құрылымын жақсартып, топырақтың табиғи құнарлылығын арттырады [18, 19].

Сондықтан, тау етегінде орналасқан күңгірт қара қоңыр топырақтардың физика-химиялық, физикалық, биологиялық қасиеттерін сондай-ақ, қоршаған ортаның экологиялық қызметін жақсартуда биотыңайтқыш ретінде биокөмірді енгізу өте маңызды. Іле Алатауының тау етегіндегі күңгірт қара қоңыр топырақтардың түйіртпектілігі төмен, түйіртпекті агрегаттары суға төзімсіз және суарған кезде тез бұзылады. Суармалы егістік жағдайындағы тау етегіндегі күңгірт қара қоңыр топырақтарды олардың топырақ агрегаттарының суға төзімділігін жақсарту және құнарлылығын сақтау мақсатында зерттеу өзекті мәселе болып табылады.

Топырақ түйіртпектілігі топырақтың маңызды физикалық қасиеті болып табылады, топырақтың су, жылу, тұз, қорек режимдері топырақ түйіртпектілігіне байланысты. Топырақ құнарлылығын физикалық жолмен арттыру, оның түйіртпектілігі мен қалыптасуына әсер ету арқылы жүзеге асырылады.

Кесекті-түйіршікті агрегаттары суға төзімді, алғашқы механикалық элементарлық бөлшектерден тұратын бөлшектер топырақтың агрономиялық және мелиоративтік құнды түйіртпектілік агрегаттары болып табылады. Диаметрі 1-5-10 мм бөлшектер В.Р. Вильямс [20], Н.И.Саввинов [21] бойынша ең құнды түйіртпектік бөлшектер болып табылады. Кесекті-түйіршікті түйіртпектілік топырақта су өткізгіштіктің қалыптасуын қамтамасыз етеді, суға төзімді түйіртпектілік топырақта судың капиллярлық жылжу биіктігі мен жылдамдығын бәсеңдетеді және топырақ бетінен ылғалдың булануын азайтады. В.Р.Вильямс [20], М.Г.Чижевский [22] және басқалардың зерттеулері бойынша топырақтың кесекті-түйіршікті

түйіртпектілігі топырақта су мен ауа арасында оңтайлы ара қатынасты жасайды, топырақтың ауа өткізгіштігін арттырады. Суға төзімді түйіртпектілік егістік жерлерді шайылу мен жел ұшырудан қорғау құралы болып табылады.

Суармалы егістік жағдайындағы тау етегіндегі күнгірт кара қоңыр топырақтарды олардың топырақ агрегаттарының суға төзімділігін жақсарту және құнарлылығын сақтау, көкөніс дақылдарының өнімділігін арттыру мақсатында биокөмірдің әсерін зерттеу өзекті мәселе болып табылады.

Жұмыстың мақсаты: топырақ құнарлылығы мен оның қасиеттеріне әр түрлі мөлшерде (40, 60, 80 т/га) топыраққа енгізілген биокөмірдің тиімді әрекеттерін зерттеу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Ұзақ уақыт бойы суармалы егістікке пайдаланылатын тау етегіндегі күнгірт кара қоңыр топырақтардың құнарлылығын жақсарту және сақтау мақсатында мелиорант ретінде әр түрлі мөлшердегі (40, 60, 80 т/га) биокөмір алғаш рет қолданылып отыр. Оның сіңіру мүмкіндігі жоғары, сондықтан топырақтың түйіртпектілік жағдайын жақсартуда, негізгі қоректік элементтерді сақтауда басты белгі болып табылады, топырақтың сіңіру қабілеті артады.

Зерттеу нысаны. Әр түрлі мөлшердегі (40, 60, 80 т/га) биокөмірдің әсерін зерттеу теңіз деңгейінен 1050 м биіктіктегі Іле Алатауының солтүстік баурайындағы тау етегі жазықтығында орналасқан ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының филиалы стационарының тәжірибе алаңшаларында жүргізілді. Осы жер телімінде 70 жылдан бері үздіксіз көкөніс дақылдары өсіріліп келеді.

Зерттеу жұмыстары мына схема бойынша жүргізілді:

1. Бақылау - (сәбіз)
2. 40 т/га биокөмір - (сәбіз)
3. 60 т/га биокөмір - (сәбіз)
4. 80 т/га биокөмір - (сәбіз)
5. $N_{60}P_{90}K_{60}$ - (сәбіз)

Зерттеу әдістері. Далалық және эксперименталдық далалық-тәжірибе жұмыстарын жүргізе отырып, далалық тәжірибе әдістері, зертханалық-аналитикалық зерттеулерге топырақ үлгілерін алу. Топырақтың физикалық, су-физикалық, химиялық қасиеттерін және қоректік режимдерін зертханалық-аналитикалық талдау топырақтану мен агрохимияда ортақ қабылданған әдістермен жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Тәжірибе телімдерінде әр түрлі мөлшерде (40, 60, 80 т/га) мелиорант ретінде биокөмір қолданылды. Биокөмірді топыраққа енгізудің маңызы өте зор. Инновациялық технологиялар бізмезгілде әлем бойынша егістік жерлердің 84 пайызы ұшыраған жергілікті топырақтардың деградациясының деңгейін азайта отырып, көміртегіні атмосферадан мыңдаған жылдарға жоюды қамтамасыз ете алады. Отын ретінде пайдаланылатын көмірден өзгешелігі, биокөмір ауыл шаруашылығында топыраққа мелиорант ретінде пайдаланылады. Ол топырақтардан қоректік элементтердің шайылуын болдырмайды, сондай-ақ жануарлар мен өсімдіктердің қатысуымен кешен түзетін топырақтағы микроағзалардың санына, құрамына және белсенділігіне жағымды әсер етеді. Биокөмірдің ыдырауына бірнеше мыңдаған жылдарға дейін уақыт кетеді, сондықтан топырақта ұзақ уақыт әрекет етеді. Биокөмірдің сіңіру қабілеті жоғары, топырақта көміртегіні, суды сақтайды. Тыңайтқыштарды қолданудың қажеттілігін азайта отырып, азот, фосфор, кальций және күкірт сияқты өсімдік үшін қажетті элементтердің шайылуын азайтады, бұл топырақтың құнарлылығын арттырады және жылыжайлық газдардың шығарылымын болдырмауға қатысады. Биокөмір топырақтағы мекендейтін және өсімдік қалдықтарының ыдырау және заттардың минерализациялану үрдісіне қатысатын микроағзалар мен топырақ микроартроподтарының мекен ету ортасы болып табылады. Биокөмір топырақтағы рН деңгейінің деңгейіне де әсер етеді. Қоректік элементтердің өсімдікке қол жетімділігін арттырумен қатар, ол өсімдікті уытты химиялық элементтерден қорғайды.

Күнгірт кара қоңыр топырақтардың түйіртпектілігі нашар. Осы топырақтарды зерттеген кезде суару жағдайында эрозия үрдістерінің анық байқалатыны анықталды. Шетелдік ғылыми әдебиеттерде эрозияға қарсы шаралардың бірі түйіртпек түзуші ретінде биокөмірді қолдану болып табылады және биокөмірдің топырақтың құнарлылығын арттыруда мәні зор. Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми зерттеу институтының ғалымдарының бұрынғы зерттеулерінде тау

етегіндегі күңгірт қара қоңыр топырақтарды суармалы егістікке пайдалануға болмайтындығы айтылған. Солай бола тұрса да, тау етегіндегі күңгірт қара қоңыр топырақтар суару жағдайында егіншілікке қарқынды түрде қолданылуда. Шетелдік ғалымдардың еңбектерінде эрозияға қарсы шаралардың бірі - биокөмірді түйіртпектіліктүзуші ретінде пайдалану болып табылады, себебі топырақ құнарлылығын сақтауда және органикалық көміртегінің мөлшерін арттыруда биокөмірдің әлуеті жоғары болып табылады. Тәжірибе жұмыстарын жүргізу үшін 450°C пиролиз кезінде күріш қауызынан алынған биокөмір пайдаланылды. Алдымен төрт қайталанымда мөлшері 1 м² тәжірибе мөлтектері дайындалды (2-сурет).



2 сурет. Тәжірибе мөлтектері

Әр түрлі мөлшердегі (40, 60, 80 т/га) биокөмірді топырақтың бетіне шашып, содан кейін 30 см тереңдікке күрекпен аударып, топырақпен араластырып, дайын болған соң сәбіз дақылы егілді (3,4 - суреттер).



3 сурет. Әр түрлі мөлшерде (40, 60, 80 т/га) топыраққа биокөмір енгізу



4 сурет. Тәжірибе телімдеріне сәбіз дақылын егу

Топырақ агрегаттарының маңызды қасиеттері олардың механикалық беріктігі және суға беріктігі болып табылады. Агрономиялық жағынан ең құнды мөлшері 10 мм – 0,25 макроагрегаттар болып табылады. Мөлшері 10 мм – 0,25 суға берік агрегаттарының мөлшері 55%-дан астам болса, топырақ түйіртпекті топырақ болып саналады [17].

Механикалық беріктік пен суға беріктік суару, жауын-шашын түскенде және механикалық өңдеген кездегі олардың тұрақтылығына себепші болады. 10 мм-ден ірірек агрегаттар макроагрегаттар деп, ал 0,25 мм ұсақтары - микроагрегаттар деп аталады. Агрономиялық жағынан ең құнды мөлшері 10 мм – 0,25 макроагрегаттар болып табылады.

Мөлшері 10 мм – 0,25 суға берік агрегаттарының мөлшері 55%-дан астам болса, топырақ түйіртпекті топырақ болып саналады. 0,25-0,01 мм мөлшердегі қуыс және суға төзімді агрегаттар да көптеген топырақтардың агрономиялық қасиеттеріне жағымды әсер етеді, 0,01 мм-ден кіші мөлшердегі микроагрегаттар су және ауа өткізгіштіктің нашарлатады.

40 т/га биокөмір енгізілген нұсқада жыртылатын қабатта мезоагрегаттар 50,1%, макро және микроагрегаттар 13,0%, 60 т/га биокөмір енгізілген нұсқада 50,7%, макро және микроагрегаттар - 13,0%, 80т/га биокөмір енгізілген нұсқада 62,5%, макро және микроагрегаттар - 15,8%-ды көрсетті. Бақылау нұсқасында жыртылатын қабатта мезоагрегаттар 26,4%, макро және микроагрегаттар - 10,1%-ды көрсетті. Аймақтық күңгірт қара қоңыр топырақтарда мезоагрегаттар – 72,4%, макро және микроагрегаттар – 27,6% құрайды. И.В. Кузнецованың градациясы бойынша түйіртпектілікті анықтау бойынша деректер аймақтық топырақта топырақтың агрегаттық жағдайының өте жақсы (2,62) екенін көрсетті [23]. Биокөмір енгізілген нұсқаларда (40, 60, 80 т/га) (3,1-4,6) минералды тыңайтқыштар кешенінде (3,5) және бақылау нұсқасында (2,6) түйіртпектілік коэффициенті жақсы деп бағаланады (1,2 - кестелер).

1 кесте. Мезоагрегаттар, макро және микроагрегаттар мөлшері

Тәжірибе нұсқалары	Тереңдігі, см	Мезоагрегаттар а	Макро және микроагрегаттар б	Түйіртпектілік коэффициенті аб
Бақылау	0-20	15,2	5,8	2,6
	20-40	11,2	4,3	2,6
NPK	0-20	19,4	5,5	3,5
	20-40	20,2	5,8	3,4
Биокөмір 80 т/га	0-20	30,9	8,3	3,7
	20-40	31,6	7,5	4,2
Биокөмір 60 т/га	0-20	24,6	6,5	3,8
	20-40	26,1	6,5	4
Биокөмір 40 т/га	0-20	20,3	6,5	3,1
	20-40	29,8	6,5	4,6
Тың жер	0-35	72,4	27,6	2,62
	35-70	40	60	0,67
	70-99	39,2	60,8	0,65
	99-130	44,3	55,7	0,8

2 кесте. Топырақтың агрегаттық жағдайын бағалау (И.В. Кузнецоваградациясы)

Түйіртпектілік коэффициенті	Топырақтың агрегаттық жағдайын бағалау
>1,5	Өте жақсы
1,5-0,67	Жақсы
<0,67	Қанағатсыздандырылдық

Жоғарыда айтылып кеткендей Іле Алатауының тау етегіндегі күңгірт қара қоңыр топырақтарының топырақ агрегаттары суға төзімсіз. Н.Н. Никольский әдісі бойынша суға төзімді агрегаттарды анықтаудың көрсетуі бойынша биокөмірді топыраққа енгізу бақылау нұсқасымен салыстырғанда топырақ агрегаттарының суға беріктігін арттырады [24]. Топыраққа енгізілген 40, 60, 80 т/га биокөмір түйіртпектілік түзуге және агрегаттардың суға беріктігін арттыруға әсер етеді (5-сурет).




5 сурет. Топырақ агрегаттарының суға беріктігін анықтау (Никольский әдісі)

И.В. Кузнецованың градациясы бойынша түйіртпектілікті анықтау бойынша деректер аймақтық топырақта топырақтың агрегаттық жағдайының өте жақсы (2,62) екенін көрсетті. Биокөмір енгізілген нұсқаларда (40, 60, 80 т/га) (3,1-4,6) және бақылау нұсқасында (2,6) түйіртпектілік коэффициенті жақсы деп бағаланды. Агрегаттардың суға беріктігін анықтаудың көрсетуі бойынша биологиялық көмір су құйып, жібіту жағдайында түйіртпектілік агрегаттарының сақталуына әсерететінін көрсетті.

Гумустың мөлшері бойынша топырақта алалық байқалады. Биокөмір енгізілген нұсқалар гумус мөлшерінің жоғарылығымен өзгешеленеді. Биокөмір, өз бетіне сіңіре отырып, гумусты шайылудан сақтайды. Зерттеу нысанының топырақтары азот қорегімен онша қамтамасыз етілмеген, калиймен қамтамасыз етілген. Сіңіру кешенінің кальциймен қаныққан, оның өзі өсімдіктерді топырақтың реакциясы бейтарапқа жақын, қолайлы ортамен қамтамасыз етеді, оның сіңіру кешенін бүлінуден сақтап, топырақтың агрегаттануына, оған гумустың бекінуіне жағдай жасайды.

Зерттеу жұмыстарының көрсетуі бойынша көкөніс дақылдарының (сәбіз) биометриялық деректері және фенологиялық бақылауларының көрсетуі бойынша тәжірибенің биокөмір енгізілген нұсқаларында сәбіз сабақтарының түсі қаныққан жасыл түсті болса, бақылау нұсқасында солғын жасыл түсті болды. Биокөмір енгізілген нұсқаларда сәбіздің сабағы бақылау нұсқасымен салыстырғанда биік әрі күшті болды, жемісі ірі болды (6-сурет).




6 сурет. Сәбіз тамыржемісінің биометриялық көрсеткіші



7 сурет. Әр нұсқа бойынша сәбіз өнімін жинау сәті

Екі жылдың зерттеулерінің деректерінің көрсетуі бойынша сәбіз өнімділігі үшін ең оңтайлы 60 т/га биокөмір енгізілген нұсқа болды (7, 8 - суреттер).



8 сурет. Әр нұсқа бойынша сәбіз өнімі, т/га

Минералды тыңайтқыш енгізілген нұсқада бақылау нұсқасымен салыстырғанда өнім төмен болды. Ғылыми әдебиет көздерінде минералды тыңайтқыштарды биокөмірмен бірге енгізу жақсы нәтижелер беретінін көрсетті, барынша көп өнім тыңайтқыш пен биокөмірді бірге енгізген нұсқада алынды, ол бір шаршы метрден 0.9 кг құрайды. Алынған деректер минералды азоттың өсімдікке түсуіне биокөмірдің ұзақ мерзімдік әрекетінен болады деп болжауға жағдай жасайды. Сонымен агроэкожүйенің экологиялық жағдайын жақсарту үшін биокөмірді азот тыңайтқыштарымен бірге енгізу керек деген ұсыныс жасауға болады [25].

Қорытынды. Агрегаттардың суға беріктігін анықтаудың көрсетуі бойынша биологиялық көмір су құйып, жібіту жағдайында түйіртпектілік агрегаттарының сақталуына әсерететінін көрсетті.

Гумустың мөлшері бойынша топырақта алалық байқалады. Биокөмір енгізілген нұсқалар гумус мөлшерінің жоғарылығымен өзгешеленеді. Биокөмір, өз бетіне сіңіре отырып, гумусты шайылудан сақтайды. Зерттеу нысанының топырақтары азот қорегімен онша қамтамасыз етілмеген, калиймен қамтамасыз етілген. Сіңіру кешенінің кальциймен қаныққан, оның өзі өсімдіктерді топырақтың реакциясы бейтарапқа жақын, қолайлы ортамен қамтамасыз етеді, оның сіңіру кешенін бүлінуден сақтап, топырақтың агрегаттануына, оған гумустың бекинуіне және топырақ құнарлылығының және ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімінің артуына жағдай жасайды.

Зерттеу жұмыстарының көрсетуі бойынша көкөніс дақылдарының (сәбіз) биометриялық деректері және фенологиялық бақылауларының көрсетуі бойынша тәжірибенің биокөмір енгізілген нұсқаларында сәбіз сабақтарының түсі қаныққан жасыл түсті болса, бақылау нұсқасында солғын жасыл түсті болды. Биокөмір енгізілген нұсқаларда сәбіздің сабағы бақылау нұсқасымен салыстырғанда биік әрі күшті болды. Және де сәбіздің мөлшері бақылау және тыңайтқыш енгізілген нұсқалармен салыстырғанда ірілері көп болды.

Көкөніс дақылдары үшін биокөмірдің оңтайлы мөлшерін анықтау мақсатында әр түрлі мөлшерде (40,60,80 т/га) топыраққа енгізген кезде, екі жылдың зерттеулерінің деректерінің көрсетуі бойынша сәбіз өнімділігі үшін ең оңтайлы 60 т/га биокөмір енгізілген нұсқа болды. Бұл нұсқада сәбіз өнімі жоғары, ірі сәбіздер мөлшері де көбірек болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Toktar Murat, Carmelo Dazzi, Kozybayeva Farida Esenkozhonovna. Reclamation of disturbed lands in kokdzhon phosphate mining in zhambyl region. // Biogeochemical Processes at Air-Soil-Water Interfaces and Environmental Protection. - Imola-Ravenna. - Italy. - 2014. - P. 49.
2. Қозыбаева Ф.Е., Бейсеева Г.Б., Абдрешева М.Б., Абдикаримова Р.С., Камилова А. Күңгірт қара қоңыр топырақтардың агрегаттарының түйіртпектілігінің суға төзімділігіне мелиорант ретінде енгізілген биокөмірдің әсері// Proceedings of the III International Scientific and Practical Conference "Topical researches of the World Science" (June 28, 2017. Dubai. UAE). - № 7(23). - Vol.5 - July - 2017. - P.7-11.
3. de Paula M.D., Groeneveld J., Huth A. Tropical forest degradation and recovery in fragmented landscapes- Simulating changes in tree community, forest hydrology and carbon balance // Glob. Ecol. Conserv. -2015. -№3. - P. 664-677.
4. Bracmort K. Biochar: examination of an emerging concept to mitigate climate change // CRS Report for Congress, United States Congressional Research Service. Congressional Research Service.- 2010. - P. 7-5700 // www.crs.gov/R40186.
5. Glaser B., Lehmann J., Steiner C., Nehls T., Yousaf M., Zech W. Potential of pyrolyzed organic matter in soil amelioration // Proceedings of the 12th ISCO Conference. – Beijing; - China. - 2002. - P. 421-427.
6. Brelanger N., C'otre B., Fyles J.W., Chourchesne F., Hendershot W.H. Forest regrowth as the controlling factor of soil nutrientavailability 75 years after fire in a deciduous forest of Southern Quebec // Plant Soil. - 2004.- №262. - P. 363-372.
7. Keech O., Carcaillet C., Nilsson M.C. Adsorption of allelopathic compounds by wood-derived charcoal: the role of wood porosity // Plant Soil. - 2005. - №272. - P. 291-300.
8. Tang J., Zhu W., Kookana R., Katayama A. Characteristics of biochar and its application in remediation of contaminated soil // J Biosci Bioeng. - 2013. - №116. - P. 653-659.
9. Қозыбаева Ф.Е., Абдрешева М.Б.,Турикневнова А.Б., Жолдыбек М.Б. Влияние биоугля на водостойкость структурных агрегатов предгорных темно-каштановых почв // Сборник тезисов VI Международной научно-практической конференции молодых ученых «Актуальные проблемы земледелия и растениеводства». - Алматы. - 2014. - С. 126-128.
10. Қозыбаева Ф.Е., Бейсеева Г.Б., Сүлейменова Г.З., Мусабаева Ж.Т., Аскарова Е.А. Топырақ құнарлылығын арттыру және сақтауда биокөмірдің маңызы// WEB SCOLAR Multidisciplinary Scientific Journal. - 8(26). - Vol.1. - August. - 2018. - 22-28 бб.
11. Singh B., Singh B.P., Cowie A.L. Characterisation and evaluation of biochars for their application as a soil amendment // Aust J Soil Res. - 2010. - №48. - P. 516-525.
12. Pietik Eäinen J., KiikkilEä O., Fritze H. Charcoal as a habitat for microbes and its effect on the microbial community of the underlying humus // Oikos. - 2000. - №89. – P. 231-242.
13. Gundale M.J., DeLuca T.H. Temperature and source material influence ecological attributes of ponderosa pine and Douglas-fir charcoal // Forest Ecol Manag. -2006. -№231. - P. 86-93.
14. Sean C. Thomas1 Nigel Gale1. Biocar and forest restoration a review and metaanalysis of tree growth responses // New Forests. - 2015. - №46. - P. 931-946.
15. Thomas S. C. Biochar and its potential in Canadian forestry // Silviculture Mag. - 2013. -№1.– P. 4-6.
16. Tunza. mobi/articles/black-soil-black-gold-2/what is biochar, and what does it do? -2011. - vol. 9.2: Soil forgotten element. - 14-15 p. /www.yumpu.com.
17. Ахромейко А. И. Структура почв. - М.: Сельхозгиз. - 1937. - 120 с.
18. Elliot E.T. Aggregate structure and carbon. Nitrogen. And phosphorus in native and cultivated soils // Soil Sci. Am. J. - 1986. - V.50. - P. 627 - 633.
19. Rawson A, Murphy B. The Greenhouse Effect, Climate Change and native vegetation / Rawson, B. Murphy // Native vegetation Advisory Council NSW Department of Land and Water Conservation. – 2000. – № 7. – P. 721-727.
20. Вильямс В.Р. Почвоведение. Общее земледелие с основами почвоведения. - М.: Сельхозгиз. - 1936. - 647с.
21. Саввинов Н.И. Структура почвы и ее прочность на целине, перелог и старопахотных участках.- М.: Сельхозгиз. - 1931. - 46 с.
22. Чижевский М.Г. Актуальные вопросы обработки почвы // Земледелие. - 1960.- № 4. - С. 3-10.
23. Дидур О. А. Прочность агрегатов и агрегатный состав почв ольховых биогеоценозов юго-востока Украины (на примере ольховых лесов Присамарья Днепропетровского) // Грунтознавство. - 2004. - Т. 5. - № 1.2. - С.128-137.
24. Яськов М.И. Почвоведение. - Горно-Алтайск. - 2009. - С. 11-12.
25. Григорьян Б. Р., Грачев А. Н., Кулагина В. И., Сунгатуллина Л. М., Кольцова Т. Г., Рязанов С. С.. Влияние биоугля на рост растений, микробиологические и физико-химические показатели мало гумусированной почвы // Вестник технологического университета. - 2016. - Т.19. - №11. - С. 185-189.

ТОПЫРАҚ ОМЫРТҚАСЫЗДАРЫНЫҢ КҮҢГІР ҚАРА ҚОҢЫР ТОПЫРАҚТАРДЫҢ ҚҰНАРЛЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

б.э.д., профессор Қозыбаева Ф. Е.¹

Бейсеева Г. Б. а.ш.э.д.¹

ғылыми қызметкер Ажикина Н. Ж.¹

биолог Жақынбекова Н. А.²

жас зерттеуші Зауытбекова Д. Ж.²

¹Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Ө.О. Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми зерттеу институты, beiseeva2009@mail.ru

²Қазақстан Республикасы, Алматы қ., №152 мектеп-гимназия

Abstract. In the studied soils, the predominant position is occupied by footstails (*Collembola*) accounting for 61.5% of the total number of all components of microarthropods. Carapace mites (*Oribatei*) were respectively - 30.7%, double-tailed (*Diplura*) - 7.7%. The main accumulation of microarthropods in the upper layers (0-5 cm), with the exception of biochar (sprinkler irrigation), where the number of microarthropods is high in layers of 5-10 cm. The general dominant components that make up the bulk in the soil of the experimental sites indicate their wide ecological plasticity. In the second year of the study, in terms of numbers and genus composition, the dominant position is occupied by carapace mites - *Oribatei*, *Collembola* are rare and isolated. Microarthropods are hygrophilous animals. With drip irrigation, their numbers are greater compared to sprinkler irrigation. Earthworms are more common on virgin soils, because there is a lot of litter.

Keywords: biochar, sprinkler irrigation, drip irrigation, furrow irrigation, *Collembola*, *Oribatei*, *Diplura*, *Lumbricina*.

Кіріспе. Топырақтың жануарлар әлемі өзінің түрлік құрамы бойынша алуан түрлі болып келеді, ал олардың биомассасы Жердегі бүкіл жануарлардың массасынан біршама асып түседі. Ең көп кездесетіні буынаяқтылар тобы, олардың бұрын ғылымға белгісіз болған жаңа түрлері ашылууда. Буынаяқтылардың ішінде ең кең таралған бунақденелілер класы, олардың үлесіне барлық түрлердің 70%-ы тиеді. Ересек бунақденелілер және олардың дернәсілдері топырақтардың барлық типтерінің тұрақты мекендеушілері болып табылады. Бірлестіктегі барлық тірі ағзалардың әр алуан топтарымен бірге олар топырақтың құнарлылығына себеп болатын, топырақтағы биологиялық үрдістердің тұрақты тепе-теңдігін қамтамасыз етуге қабілетті [1]. Топырақтың түйіршікті болуының өзі топырақ жануарларының қызметіне тікелей байланысты. Топырақтың құнарлылығын қалыптастыруға жануарлардың қатысу мәселесін зерттеу ХІХ ғасырдың 70-жылдарының аяғы мен 80-ші жылдарының басында басталды.

Ағылшын энтомологы В.Кирби [2] өсімдік қалдықтарын ыдыратудағы жануарлардың (термиттердің) маңызын өз жұмысында алғаш рет көрсетті. Шұбалшандардың қызметі және олардың топырақтың құнарлы қабатының түзілуіндегі рөлін зерттеу ерекше орын алады. Осындай жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелерін бір мезгілде В. Гензен (Hansen, 1877) және Ч. Дарвин (1882) жариялады. Атап айтқанда Ч. Дарвин [3] ең алғаш Жердің топырақ жамылғысының қалыптасуының маңызды бір факторы ретінде топырақта мекендейтін омыртқасыздардың қызметін бағалады. Онымен қатарлас топырақ зерттеуші ғалым В.В. Докучаев [4] өзінің «Русский чернозем» деген еңбегінде, топырақты мекендейтін жануарлардың өте көп мөлшерін атап өте отырып, топырақтың құнарлылығын арттыруда, топырақ қабаттарының құрылымын жақсартудағы олардың рөліне ерекше назар аударған. Докучаевтың замандасы П.А. Костычев [5], эксперименттік зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, қара топырақтардың қалыптасуында жануарлардың елеулі рөл атқаратынын атап айтты. Топырақты зерттеуге осындай кешенді жол гумус түзелу үрдісінде биологиялық фактордың рөлін нақты бағалауға және топырақтану және зоология ғылымдары арасындағы тығыз байланыстардың дамуына жағдай жасады. Сондай-ақ абиотикалық және биотикалық факторлардың жиынтығы ретінде топыраққа қазіргі заманғы көзқарастың қалыптасуына себепкер болды. Алайда, топырақ түзу үрдісіндегі жануарлардың нақты рөлін бағалау кейінірек болды және ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы дақылдарын қорғау, топырақ құнарлылығын сақтау және өнімділікті арттырудың практикалық міндеттерін шешумен

байланысты болды. Топырақ жамылғысы оны мекен етушілермен бірге әмбебап биологиялық сіңіруші, ластаушыларды бейтараптандырушы және әр түрлі органикалық заттарды минерализациялаушы рөлін атқарады [6]. Топырақтың бір шаршы метрінде екі мыңнан астам ірі топырақ омыртқасыздары тіршілік етеді [1]. Топырақта мекен ететін омыртқасыздар кешенінде органикалық қалдықтармен қоректенетін сапрофагтар жалпы зоомассаның 80%-дан астамын құрайды. Өз ішегі арқылы өсімдік және топырақ қалдықтарын өткізе отырып, сапрофагтар олардың механикалық ыдырауын жүзеге асырады және минералды массамен араластырады. Олар топырақтың қара шірінді қабатының түзілуіне ғана қатысып қоймайды. Сондай-ақ, топырақ кескіні бойынша органикалық заттардың жайғасуында да үлкен рөл атқарады. Сапрофагтар өсімдік қалдықтарының ыдырауын жылдамдатады. Олар өсімдік қалдықтарын тікелей өндеп қана қоймайды, сондай-ақ микроағзалардың белсенділігін арттырады. Топырақ жануарлары болмағанда микробтар өсімдік қалдықтарын екі-алты есе баяу ыдыратады. Топырақтың беткі қабатына және топырақтың төменгі қабаттарына өз экскременттерін тарата отырып, топырақ жануарлары микробтардың тіршілігі және көбеюі үшін қолайлы жағдай жасайды. Сапрофагтардың ішегінде микрофлора өкілдерінің жаппай дамуы үшін қолайлы жағдай жасалады [7]. Органикалық заттың өзгеру үрдісінде жасұнықты ыдыратушылар және азотты бекітуші аммонификатор микроағзалардың әрекетінің маңызы өте зор. Топырақ омыртқасыздары микрофлораның барлық топтарымен сәтті селбесіп тіршілік етеді. Көптеген топырақ жануарлары органикалық қоректік заттармен бірге ішекте қоректің үгілуіне көмектесетін топырақтың минералды бөліктерін де жұтады. Шұбалшандардың, типулидтердің және ірірек топырақ жануарларының ішегінде, сондай-ақ ұсағырақ жануарлар - энхитреидтер, коллемболалар ішегінде топырақтың минералды бөліктерінің органикалық заттармен араласуы жүреді, нәтижесінде өсімдіктің тамырына минералдық қоректік элементтердің түсуіне ең оңтайлы жағдай, өсімдік үшін қолайлы топырақ аэрациясы мен оның су режимін қамтамасыз ететін суға берік құрылымдық бөліктер түзіледі [8]. Өз ферменттерінің және селбесіп тіршілік ететін микроағзалардың ферменттерінің көмегімен топырақ омыртқасыздары жасушаның целлюлозалық компоненттерін ыдыратып, жасұнықпен күрделі қосылыстағы лигнинді босатып шығарады. Мұның топырақтағы органикалық қалдықтардың гумификациялану үрдісінің қарқынды жүруі үшін маңызы зор. Ас қорыту барысында топырақ омыртқасыздарының ішегінде өсімдік қалдықтарының ішінара минерализациялануы, ал кейбір топтарының ішегінде ішінара гумификациялануы жүреді. Жануарлар экскременттері - топырақ гумусын құраушылардың бірі. Жоғарыда аталған және басқа авторлардың зерттеу жұмыстарының көрсетуі бойынша топырақ жануарларының қызметі топырақ жамылғысының және топырақ құнарлылығының қалыптасуының негізгі факторларының бірі болып табылады. Ұсақ буынақтылар ластанған, құнарсыз топырақтарда, өндірістің шығарылымдармен ластанған ормандарда экологиялық мониторинг міндеттерін шешу үшін жақсы индикаторлар болып табылады [9, 10]. Коллемболалар және аяққұйрықтылар кешенінің құрылымы топырақ-экологиялық және климаттық факторлардың ерекшеліктерін жақсы көрсетеді. Коллемболалардың көптеген түрлері белгілі бір биотоптарға немесе микроастацияларға ұштастырылған, сондықтан аяққұйрықтыларды топырақ және өсімдік жамылғыларының қалыптасуын, органикалық қалдықтардың ыдырауын зерттеген кезде индикатор ретінде пайдаланылуға болады. Өнеркәсіптік ластануды биоиндикациялау үшін коллемболалар өткен ғасырдың 90-шы жылдарына дейін аз пайдаланылды, ал алынған деректер негізінен осы ластанулардың коллемболалардың жалпы мөлшеріне әсер етуіне қатысты болды. Алайда, өнеркәсіптік шығарылымдардың әсерінен орманда мекендейтін түрлердің популяцияларының тығыздығы азаяды, яғни топырақта мекендейтін түрлер тобы басқа формалармен алмасады. Эмиссияның әсерінен саны күрт қысқаратын немесе жойылатын белгілі бір биоценозға тән түрлердің де немесе саны күрт өсетін сирек кездесетін түрлердің де индикациялық маңызы болады. Эмиссия факторы тікелей әсер ететін немесе шектейтін кең түрде таралған түрлердің ең үлкен индикаторлық мәні болады [11].

Жұмыстың мақсаты: Топырақ қасиеттеріне және оның құнарлылығына, топырақ жануарларының сандық және сапалық көрсеткіштеріне биокөмірдің әсерінің тиімділігін аймақтық күңгірт қара қоңыр топырақтармен салыстыра отырып зерттеу.

Зерттеу нысаны Алматы облысы Карасай ауданы Қайнар кентінің маңындағы Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының егістік жерінде орналасқан Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми зерттеу институтының әр түрлі суару жағдайындағы тәжірибелік алаңшасы (1-сурет).

Зерттеу жұмыстары мына схема бойынша жүргізілді:

1. Тамшылатып суару – бақылау
2. Тамшылатып суару – биокөмір
3. Спринклерлік суару – бақылау
4. Спринклерлік суару – биокөмір
5. Атыздық суару – бақылау
6. Атыздық суару – биокөмір
7. Аймақтық күңгірт қара қоңыр топырақтар (ауыспалы егістік)



Тамшылатып суару



Спринклерлік суару



Атыздық суару


1 сурет. Зерттеу алаңшалары

Зерттеу әдістері. Материалдарды анықтап, есептеу үшін «Определитель насекомых Европейской части СССР» қолданылды [12]. Ал кенелерді анықтау үшін Буланова – Захваткинаның «Панцирные клещи и оribатиды» кітаптары қолданылды [13]. Әр нұсқаның 0-5 см, 5-10 см қабаттарынан топырақ үлгілері алынып, зерттелді. Топырақ үлгілерін алу барысында кездескен мезофаунаны жинау қолмен өңдеу әдісімен жүргізілді. Мезофаунаны есепке алу үшін 0,25 шаршы метр аудандағы топырақ үлгісін қолмен бөлшектеу әдісін пайдаландық. Мезофауна өкілдерінің дернәсілдерін 70°C спиртке жиналды, ал ересек насекомдарды қағаз қорапшаларға жинап, әрқайсысына этикетка жазылды. Ал микрофаунаны зерттеуге арналған топырақ үлгілерін зерттеу үшін Берлезе – Тульгрэн термоэлектроры әдісі қолданылды [14]. Соның ішінде біздің қарастырып отырғанымыз сауытты кенелер мен аяққұйрықтылар, себебі оларды ғана эклектор әдісімен бөліп алуға болады. Бөліп алынған микроартроподтарды санау, анықтама беру бинокуляр МБС-10 көмегімен және Богарев аспабымен жүзеге асырылады.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау. Іле Алатауының етегіндегі күңгірт қара қоңыр топырақтар 60-70 жыл бойы суару жағдайында ауыл шаруашылығы айналымына қарқынды қолданылып келеді. Осы Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылысми-зерттеу институтының тәжірибе алаңдарында зерттеу жұмыстары жүргізілді. Күңгірт қара қоңыр топырақтардың түйіртпектілігі нашар. Осы топырақтарды зерттеген кезде суару жағдайында эрозия үрдістерінің анық байқалатыны анықталды. Шетелдік ғылыми әдебиеттерде эрозияға қарсы шаралардың бірі түйіртпек түзуші ретінде биокөмірді қолдану болып табылады және биокөмірдің топырақтың құнарлылығын арттыруда мәні зор.

Зерттеу жұмысының бірінші жылы (2018 жылы) зерттелетін топырақ үлгілерінде топырақ омыртқасыздарының мынадай топтары анықталды: сауытты кенелер (*Oribatei*) өкілдерінің 4 туысы; аяққұйрықтылар (*Collembola*) – өкілдерінің 8 туысы; қосқұйрықтылар (*Diplura*), көпаяқтылар, құмырсқалар, қос қанаттылардың дернәсілдері кездеседі.

Түрлік құрамы мен саны бойынша микроартроподтардың барлық компоненттерінің жалпы санының 61,5%-ын құрай отырып аяққұйрықтылар (*Collembola*) басым жағдайға ие. Сауытты кенелер (*Oribatei*) – 30,7%-ды, қосқұйрықтылар (*Diplura*) – 7,7%-ды құрайды (2-сурет).



2 сурет. Микроартроподтардың түрлік құрамы

Collembola арасынан *Isotoma* және *Onychiurus* туысының өкілдері басым жағдайға ие. *Isotoma* туысының өкілдері бақылау нұсқасының үлгілерінде (тамшылатып суару - бақылау) және (атыздық суару) көп, ал *Onychiurus* өкілдері бақылау нұсқасында (тамшылатып суару) және биокөмір нұсқасында (атыздық суару) көп. Қалған өкілдері: *Neanura* (спринклерлік суару - бақылау), *Folsomia* (тамшылатып суару - бақылау), *Anurida* (тамшылатып суару - бақылау және атыздық суару - биокөмір), *Entomobria* (тамшылатып суару - бақылау) аз және сирек кездеседі.

Сауытты кенелерден (*Oribatei*): *Hypochothonus*, *Nothrus*, *Oppia*, *Oribatulla* туыстары кездеседі. *Nothrus* және *Oribatulla* туысының өкілдері биокөмір нұсқасында (спринклерлік суару) және (атыздық суару) биокөмір нұсқасында көп кездеседі. *Hypochothonus* туысының өкілдері өте аз кездеседі. Қосқұйрықтылар (*Diplura*), көпаяқтылар - *Myriopoda*, құмырсқалар және қосқанаттылардың дернәсілдері сирек кездеседі.

Барлық зерттелген нысандарда микроартроподтар негізінен жоғарғы 0-5 см қабатта жиналуы байқалады. Спринклерлік суаруда биокөмір нұсқасында топырақтың 5-10 см қабатында да микроартроподтардың саны көп болды. Сонымен, топырақтың зерттелген үлгілерінде жалпы массаны құрайтын басым компоненттер кездеседі, олардың экологиялық икемділігі жоғары.

Зерттеу жұмысының екінші жылы (2019) - бақылау (тамшылатып суару) – материал үш қатардан үш қайталанымда жүргізілді. Зерттелетін телімдегі микрофаунада үш топтан тұрады: сауытты кенелер (*Oribatei*), аяққұйрықтылар (*Collembola*) және басқа ұсақ омыртқасыздар *Nematoda*, *Oligochaeta*.

Сауытты кенелердің арасында 6 тұқымдасқа жататын 6 туыс өкілдері кездеседі – бұл *Acarus*, *Scheloribates*, *Oppia*, *Suctobelba*, *Oribatula*, *Nothrus* туыстарының өкілдері. Саны бойынша *Acarus*, *Scheloribates* туыстарының өкілдері және кенелердің дернәсілдері басым болып келеді. Бірлі жарымды *Nothrus*, *Oribatula* туыстарының өкілдері кездеседі.

Коллемболалардан төрт *Anurida*, *Folsomia*, *Isotoma*, *Onychiurus* туыстарының өкілдері кездеседі. Саны бойынша *Folsomia* туыстарының өкілдері басым жағдайда кездеседі. *Isotoma*, *Onychiurus* туыстарының өкілдерінің саны аз, *Anurida* туыстарының өкілдері бірлі жарымды кездеседі.


Биокөмір (тамшылатып суару) - материал үш қатардан үш қайталанымда жүргізілді. Сауытты кенелердің – *Oribatei* 5 туысының *Acarus*, *Scheloribates*, *Oppia*, *Oribatula*, *Nothrus* өкілдері кездеседі. Саны бойынша *Scheloribates* туыстарының өкілдері және кене дернәсілдері басым жағдайда кездеседі. Қалған өкілдері аз (3-сурет).

Коллемболалар аз – солардың ішінде: *Onychiurus*, *Folsomia* және *Isotoma*. өкілдері кездеседі. Басқа өкілдері кездеспеді.


Сонымен қатар *Nematoda* (жұмыр құрттар) класының өкілдері – 9 дана және *Myriapoda* класының өкілдері – 9 дана кездесті.

Бақылау (спринклерлік суару). Материал үш қатардан үш қайталанымда жүргізілді. Зерттелген топырақ үлгілерінде кене дернәсілдерінің 5 данасы табылды. Ересек кенелер табылмады. Коллемболалар аз және *Anurida* және *Folsomia* туыстарының өкілдері кездеседі. Омыртқасыздар да аз, негізінен *Nematoda* класының өкілдері.

Биокөмір (спринклерлік суару). Материал үш қатардан үш қайталанымда жүргізілді. Алынған топырақ үлгілерінде кене дернәсілдері және *Acarus*, *Nothrus* туыстарының аздаған мөлшері анықталды. Коллемболалар да аз мөлшерде кездесті. Бұл *Isotoma*, *Onychiurus* туыстарының өкілдері. Омыртқасыздардан *Nematoda* (жұмыр құрттар) және *Myriapoda* (көпаяқтылар) кездеседі (4-сурет).



3 сурет. Тамшылатып суарудағы микроартроподтардың сандық құрамы



4 сурет. Спринклерлік суарудағы микроартроподтардың сандық құрамы

Келтірілген деректерді салыстыра отырып, барлық тәжірибе нұсқалары бойынша микроартроподтардың фауналық құрамы, саны және таралуы біркелкі емес және аз мөлшерде кездесетінін анықтадық. Барлық микроартроподтардың ішінде саны және туыстық құрамы бойынша сауытты кенелер *Oribatei*, соның ішінде *Scheloribates* туысының өкілдері мен кене дернәсілдері басым жағдайға ие. Коллемболалар өте сирек және бірлі-жарымды мөлшерде кездеседі. Ұсақ омыртқасыздардан негізінен жұмыр құрттар нематодтар *Nematoda* кездеседі. *Oribate* басым кездесу себебі олардың қалың хитинді кутикула жабынының болуымен, сыртқы ортаның кез келген жағдайына бейімделу қабілеттілігімен, өсімдік және жануар қалдықтарын ыдыратуға белсенді қатысуымен айқындалады.


Егер екі жылдық деректерді салыстыратын болсақ, бірінші зерттеу жылында коллемболалар өкілдері басым жағдайға ие болса, екінші зерттеу жылы сауытты кенелер өкілдері басым жағдайға ие болды.

